

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/CEQT4278>

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/VYLR5379>**\*А. Н. Сарбасова**

КИМЭП университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

## **МЕДИАМӘТІНДІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ-ІЗДЕНІС ТЕХНОЛОГИЯСЫМЕН ТАЛДАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

*Мақалада іскерлік қазақ тілі курсына медиамәтінді шығармашылық-ізденіс технологиясымен талдаудың жолдары талқыланады. Қазақ тілді мектепті бітірген студенттердің өз ана тілінде пікірін жеткізе алмауының, мәтін талдап, мағынасын жете түсінбеуінің кейбір себептері анықталады. Студенттер арасында қазақ тілінің қарым-қатынас деңгейінің төмендігі сауалнама арқылы нақтыланып, ресми тілді дамыту мақсатында экономикалық, әлеуметтік тақырыптағы медиамәтінді талдау ұсынылады. Жоғары оқу орнындағы іскерлік қазақ тілі курсына сипаттама беріліп, мақсаты түсіндіріледі. Болашақта бәсекеге төтеп беретін көптілді маман дайындауда іскерлік қазақ тілі курсының маңызы бар екені дәлделденеді. Іскери тілді жетілдірудің бір жолы – мәтінмен жұмыс екенін ескере отырып, курста қолданылатын медиамәтіндер таңдалынып алынады және медиамәтінді талдаудың өзіндік жүйесі ұсынылады. Мәтін талдау проблемасын шешудің жолын анықтау үшін мәтіннің түрлері мен түсіну кезеңдеріне тоқталамыз. Іскерлік қазақ тілінде оқытудың жаңартылған технологиясы ретінде шығармашылық-ізденіс технологиясының қолданысы талданады. Шығармашылық-ізденістің зерттелуі қысқаша баяндалып, технологияға сәйкес талаптары нақтыланады, бірнеше әдістеріне түсініктеме беріледі. Әдістердің медиамәтінді талдау барысындағы қолданысы практикалық тапсырмалармен дәлделденеді. Медиамәтінді талдау барысында студентте қалыптасатын іскерлік дағдылар мен құзіреттіліктерге қорытынды жасалады.*

*Кілтті сөздер: медиамәтін, іскерлік қазақ тілі, шығармашылық-ізденіс технологиясы, инверсия әдісі, лабиринт әдісі, функционалды оқылым*

## **Кіріспе**

Қазіргі ақпарат алмасудың қарқынды кезеңі жоғары оқу орындары студенттерінің ақпаратты қабылдау, түсіну, жеткізу әрекеттеріне өз әсерін тигізеді. Шет тілін меңгеріп, тәжірибе алмасып, алдыңғы қатарлы шетелдік оқу орындарында білім алу – болашақ мамандар үшін маңызды әрекет. Халықаралық деңгей тілін меңгеру арқылы әлемді танимыз, озық технологияны түсінеміз, дамыған елдермен еркін байланысамыз. Осындай мақсатты алға қойып елімізде үштілді білім алу үдерісі енгізілді және ол өз нәтижесін беріп келеді.

Шетелдік білім стандартына сай құрылған оқу орындарында студенттердің білім алу тілі – ағылшын тілі. Барлық сабақтың оқу тілі ағылшын болғандықтан, оқитын ақпарат көздері де ағылшынның ақпарат құралдары мен оқулықтары. Бұл студенттің ағылшын тілді маман болуына ықпал етіп, жұмысқа орналасуына көмегін тигізгенімен қазақ тілінде ресми қатынас жасауына әсер етеді.

Отандық студенттердің шетелдік студенттермен байланысу тілі – ағылшын немесе орыс тілдері болып, нәтижесінде қазақ тілінің қолданысы шектеледі.

Соңғы жылдары әлемде болып жатқан пандемия әсерінен қашықтан білім алу үрдісі жақсы дамыды. Қашықтан сапалы, қызықты білім алудың негізі– түрлі компьютерлік платформалардың ағылшын немесе орыс тілінде болуы. Қашықтан оқу платформаларын өзге тілде меңгерген студентке ағылшын, орыс тілінде қарым- қатынас жасау әлдеқайда оңайырақ. Аталған айғақтардың барлығы студенттің еріксіз өзге тілде қарым-қатынас жасауына әсер етеді.

Он бір жыл бойы елімізде қазақ тілінде білім алып, отбасында қазақша сөйлеп, қазақша ойлайтын студенттердің кейбір бөлігі қазақ тілінде өз ойын нақты жеткізе алмауының себебі неде деген мәселенің бірнеше жағы бар: біріншіден, жоғарыда аталған ағылшын тілді оқу орындарының әсері болса, екіншіден, аралас тілді коммуникативтік ортаның әсері, үшіншіден, қазіргі өзге тілді ақпарат құралдары мен технология әсері деп білеміз.

КИМЭП университетінің Білім беру және гуманитарлық ғылымдар факультеті қазақ тілді мектеп бітірушілерге іскерлік қазақ тілі курсы ұсынады. Курс ресми-іскери, кәсіби тілді жетілдіруге құрылған. Кәсіби саладағы материалдармен тиімді жұмыс жасауға, өз бетінше жобалар мен презентациялар жасауға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдауға, кәсіби пікірталас пен дебаттарға қатысуға, түрлі келіссөздер мен іскерлік қарым-қатынас тілін жүзеге асыруға бағытталған. Курстың мақсаты студенттердің кәсіби салада маман ретінде жатық сөйлей алуын, сауатты жазу мен өз ой-

пікірлерін дәлелді жеткізуге үйренуін көздеп, іскерлік қарым-қатынас тілін жан-жақты меңгерту болып келеді.

Сөйлесім әрекетінің ішінде аталмыш курста оқылым әрекетіне аса назар аударғымыз келеді. Себебі іскери сала бойынша түрлі күрделі мәтіндерді жете түсініп, талдау жасауды студенттер өз деңгейінде жүргізе алмайды. Мысалы, мақаланың мазмұнын, автордың идеясын түсіну; негізгі, қосымша ақпараттарды анықтай білу; мақалаға сыни көзқарас білдіру; өзіндік пікір, баға беру. Аталған проблемаларды шешу мақсатымен медиамәтінді түсініп, талдау жолдарының бірін – шығармашылық-ізденіс технологиясымен жүзеге асырғымыз келеді. Медиамәтінді шығармашылық-ізденіс технологиясы арқылы талдап, студентті оқылым әрекеті арқылы коммуникацияға шығару зерттеу жұмысымыздың мақсаты.

### **Материалдар мен әдістер**

Іскери қазақ тілінде студенттің ойын жеткізе алмауының жоғарыда аталған себептерін нақтылау үшін үш нұсқаның бірін таңдауға бағытталған бес сұрақтан тұратын сауалнама жүргізіп көрдік. Сауалнамаға қазақ мектебін оқып келген 18-21 жас аралығындағы студенттер қатысты. Сауалнама нәтижесі шектеулі, себебі қатысушылар саны аз, сондықтан сауалнама нәтижесі аталған проблеманың нақты сипатын бере алмауы мүмкін. Дегенмен, студенттің іскери қазақ тіліндегі проблемасын анықтауға көмегін тигізді.

Іскерлік қазақ тілі курсына тақырыпқа сай медиамәтіндерді қалай талдауға болады? Талдау барысында шығармашылық-ізденіс технологиясын қалай пайдаланамыз? деген сұрақтар зерттеу жұмысымыздың нысаны болып келеді. Алдымен аталмыш технологияның мәнін ашып алуымыз қажет. Шығармашылық-ізденіс технологиясын оқу процесіне енгізген американдық ғалым Джон Дьюи [1]. Ол проблеманы шешу үшін ойлаудың кезеңдерін нақтылап, тәжірибеге негізделген оқыту идеясын ұсынған. Д. Дьюи «Жұмыс жасау мектебі» идеясын ұсынып, іс жүзінде жүзеге асырды, бұл мектепте оқу жағдайы оқушылар білімінің жасырын және айқын көрінісін бақылаудан және реттеуден басталып, пәнді меңгерудің жаңа тәсілдерін жүйелі түрде түсіндірумен жалғасқан. Ресей педагогикалық практикасында М. Махмутов [2], А. Матюшкин [3], И. Лернер [4], оқу процесіндегі проблемалық оқыту мәселесін дамытты. Проблемалық оқытуды студенттерге проблемалық жағдай туғызатын сұрақтарды қоя білу, пайда болған проблемаға болжамдар арқылы шешім шығару деп түсіндірді. Проблеманың негізінде шығармашылық ізденіс бар, сондықтан біз зерттеуіміздің бастамасын проблемалық оқытумен байланыстырамыз және басқа да шығармашылық жұмыстардың жүйесін тұжырымдай келе, қазақ тілінде «шығармашылық – ізденіс» деген терминді енгізуді дұрыс деп есептейміз. Шығармашылық – ізденістің оқу процесінде

технология ретінде қарастыруға негіз бар, себебі технология болудың концептуалдық, басқарушылық, тиімділік және қолданыстық талабына сәйкес келеді.

Кез келген ғылым өз бастауын философиядан алатыны белгілі. Тіл мен сананың байланысынан лингвистиканың философиялық негізі анықталады [5].

Лингвистиканың философиялық негізі сананың құрамдас бөлшектеріне жататын ой, эмоция сияқты танымдық көрсеткіштермен тығыз байланысты. Іздену, зерттеу әрекеттері тікелей ойлау процесімен жүзеге асатынын ескерсек, шығармашылық – ізденіс әдістері ойлауға негізделеді. Американдық ғалым, психолог Р. Солсоның «ой – ақпаратты өңдеу процесінің ең іргелі компонентін құрайтын жоғары деңгейдегі танымдық іс-әрекет» [6] деген тұжырымына сүйене келе, ой ақпаратты өңдеуге қызмет атқарса, өңделген ақпарат тіл арқылы жарыққа шығады. Ой арқылы өңделіп, тіл арқылы жарыққа шыққан ақпарат ұғымдарды қалыптастыруға, логиканы дамытуға, шешім қабылдауға, ізденуге, өзін-өзі дамытуға және адамзаттың бүкіл қабілетін, рухани күшін айқындауға мүмкіндік береді. Ой арқылы өңделіп, тіл арқылы жарыққа шыққан ақпараттар моделін білім беру ісімен байланыстырсақ, танымдық оқыту процесі қалыптасады. Сонда танымдық оқыту білім алушылардың ұғымын, ойлау қабілетін, шешім шығару қабілетін, өз бетімен іздену қабілетін, шығармашылық қабілетін дамытуға қызмет атқарады. Жоғарыда аталған шығармашылық ізденістің философиялық және психологиялық тұрғыда негізделуі, ізденудің өзіндік әдіс-тәсілдерінің болуы және оны оқыту процесінде қолдану – шығармашылық – ізденісті оқыту технологиясы ретінде тұжырымдай алады. Ал әдіс-тәсілдерінің болуы, практика жүзінде қолданысқа еніп, оқу процесінде нәтиже беруін нақты мысалдармен дәлелдей аламыз.

Оқытудың шығармашылық-ізденіс технологиясы оқытушының өзіндік, шығармашылық шешімін талап ететін танымдық және практикалық міндеттерді қою арқылы студенттердің ізденушілік, танымдық қызметін ұйымдастыру болып табылады. Шығармашылық-ізденіс технологиясының мәні – ізденісті және білімді қолдануды ұйымдастыру, ғылыми танымның әдістерін іздеу барысында оларды меңгеруді қамтамасыз ету, шығармашылық қызметке қызығушылықты, өздігінен білім алуға қажеттілікті қалыптастыру, ұсынылған тапсырмалардың проблемасын түсінуге көмектесу, проблеманы шешуге бағытталған әдіс-тәсілдерді құру, проблемалық жағдайларды түсінуге және талдауға, проблемалар мен тапсырмаларды жекелеп көрсетуге үйрету. Шығармашылық-ізденіс технологиясының мақсаты – оқытудың кез келген кезеңінде студенттің іздену, зерттеу, сыни ойлау, бағалау, пікір білдіру дағдыларын қалыптастыру. Іздеу, зерттеу дағдыларын қалыптастыру үшін

шығармашылық- ізденіс технологиясының міндеті – жұмыс мақсаттарын қою қабілетін дамыту; берілген жағдаяттың жағдайларын талдау қабілетін дамыту; гипотезаларды алға қою және негіздеу қабілетін қалыптастыру; проблеманы шешуді жоспарлау; нәтижені сыни тұрғыдан талдау; нәтиже мен процесі бағай алу; алгоритмдік талаптарды жасау; жобалау; логикалық жүйелілікке үйрету.

Кез келген технологияның әдіс, тәсілдері болады. Әдіс – оқыту процесінде оқытушының мақсатты оқу жұмысы мен студенттің танымдық іс-әрекетін байланыстырып, білім беру мақсатында негізгі ақпаратты түсіндіру әрекетін жүзеге асыру жолы. Төменде мәтін талдауда қолданылатын шығармашылық-ізденіс технологиясының бірнеше әдістеріне тоқталамыз.

*Ассоциация әдісі. Сипаттамасы:* қарастырылып отырған объектіге немесе проблемаға мүмкіндігінше жаңа байланыстар құру. Проблема мен ассоциативті объект (мағынасы, ұғымы, бейнесі, сезімі, құбылысы немесе процесі) арасындағы мағыналық байланыстарды құру шығармашылық идеяны қамтитын ұқсастықты табудың құралы болып табылады. Әдісті қолдану ескі байланыстарды үзуге, стереотиптерді жоюға, жаңа идеяларды көрсетуге мүмкіндік береді. *Қызметі:* проблеманың, зерттелетін объектінің барлық мүмкін белгілері мен қасиеттерін анықтау; мәселеге мүлдем жаңа көзқарас қалыптастыру; мәселенің мағыналық кеңістігін кеңейту, күтпеген бейнелер, ұғымдар мен мағыналар алу, жаңа мүмкіндіктерді бөліп көрсету; шығармашылық ойлауды жандандырып, қиялды ояту тәсілі ретінде әрекет етеді. *Құрылымы:* еркін ассоциациялар ұсынылған сөзге ешқандай мағыналық немесе грамматикалық шектеусіз жауап арқылы құрылады. Бұл жағдайда ассоциацияларды сөйлеудің кез-келген бөлігі білдіре алады: зат есім, сын есім, етістік, сонымен қатар тәжірибе, сурет, символ. Бағытталған немесе бақыланатын ассоциациялар белгілі бір шарттармен шектеледі. Мысалы ретінде қарама-қарсы ассоциацияларды құру, сөздердің белгілі бір сөз табынан болуы (зат есім немесе сын есім), белгілер, түстер, атақты адамдардың аттары және т.б. Ассоциация әдісін қолдану барысында ойын, юмор және шығармашылық атмосфераны құру қажет; сынға тыйым салынуы керек; ассоциациялардың өзгеруі тез, икемді және жылдам болуы керек; ойға келген идеялардың барлығы жазылуы керек. *Қолданысы:* ассоциативті әдісті сабақта ой шақыру кезеңінде, материалды жақсы есте сақтау үшін жұмыс процесінде қолдануға болады, мысалы, сабаққа, мәтінге кіріспе ретінде негізгі ойды анықтау үшін, жаңа лексиканы бекіту үшін қолдануға болады.

*Инверсия әдісі. Сипаттамасы:* (латын тілінен аударғанда *inversio* «аудару; ауыстыру») бағытталған мәселені қарама-қарсы жағынан қарастыру, оны қалаған нәтижеге қарама-қарсы қою арқылы шешу, шешімдерді дәстүрлі көзқарастар мен сенімдерге қарама-қарсы жаңа, күтпеген жолмен іздеу.

Жалпы мағынада инверсия дегеніміз – бұл заттардың қарама-қарсы жағын көру, мәселені соңынан шешу, іс-әрекеттің негізгі бағыттарын, параметрлерін, материалдарды, энергияны, ақпаратты, жұмыс процестерін, формасын, қасиеттерін, уақыт пен кеңістіктің, функциялар мен құрылымның өзгеруі, керісінше әрекет тәсілдерінің өзгеруі. Инверсия әдісі әлемнің құрылымы мен дамуының әмбебап заңдылықтарын бейнелейді, сондықтан оны көптеген философтар, ғалымдар мен өнертапқыштар түсініп, қолданды. «Төңкеріңіз, ішке айналыңыз, ауыстырыңыз – бұл сөздер жаңа идеяларды қалыптастыру үшін қолданылатын инверсия әдісінің мәнін сипаттайды» [7]. *Қолданысы:* проблемаға дәстүрлі көзқарасты өзгертіп, жаңа көзқарастарды табу. Тақырыпқа, проблемаға әрқашан қарсы идея таба білу. Инверсия - бұл қуатты ойлау құралы, өйткені ойлау процедуралары нәтижесіз болған кезде, күрделі мәселелерді шешуде тиімді. Әдісті қолдану проблеманың түпнұсқа шешімдерін табуға және шешімі жоқ жағдайлардан шығудың жолын табуға мүмкіндік береді. *Құрылымы:* мәселені нақты анықтау; оң пікірді теріске, теріс пікірді оңға ауыстыру арқылы немесе оңды негативке ауыстыру арқылы мәселені шешу, мысалы: егер сіз сатылым көлемін арттырғыңыз келсе, оны азайту туралы ойланыңыз. Мәселеге қарама-қарсы көзқараспен қарау арқылы, кері идеяларды беру арқылы өзекті мәселені шешудің жолдарына қадам жасалады. *Қолданысы:* мәселені талқылауда, сабақтың кіріспе, негізгі бөлімдерінде пайдалануға болады.

*Лабиринт әдісі. Сипаттамасы:* талқылау барысында проблеманың дұрыс, бұрыс шешімдері бірге ұсынылады да сол шешімнің шығу жолдарын іздестіреді. Шешімдер шын және жалған, келісу немесе келіспеу мағынасында да болуы мүмкін. Проблема мен шешімнің ортасында қажет жағдайда кілт сөздерді қоюға болады. Әр түрлі жолдармен, лабиринттермен жүріп, олар проблеманы, мәселені, жанжалды жағдайды шешудің бір немесе бірнеше дұрыс жолдарын анықтайды [8] *Қызметі:* ойды жинақтау, жалғастыру, толықтыру, ұғымдар арасын байланыстыру, мәселенің басқа қырынан қарау. Бұл әрекеттер студенттің белгілі бір мәселені жан-жақты бағалау әрекетін қалыптастырады. *Құрылымы:* тақырыпты талқылау үшін бір проблеманың екі жақты шешімі ұсынылады. Проблеманың көрсетілген шешімдерге жету жолдары талқылау, сызба, кесте арқылы ұсынылады. *Қолданысы:* әдіс бағдарлау жылдамдығын және мәселені шешуге білімді тартуды дамытады. Оны көп айнаымалы жағдайларда жылдам және дұрыс бағытты көрсету қажет болған жағдайда, мәселені шешудің бірнеше әдісі мүмкін болған жағдайда қолдануға болады.

Екінші мәселе – іскерлік қазақ тілі курсына медиамәтінді оқыту және мәтінді талдау барысында шығармашылық-ізденіс технологиясы әдістерінің қолданысы. Іскерлік қазақ тілі курсына оқылым материалдарына



тақырыптарға сай медиамәтіндер таңдалынып алынады. Нақтырақ айтқанда «Айқын, Егеменді Қазақстан» газеттерінің мақалалары іріктеліп, кей жағдайда қысқартылып беріледі. Мәтінді толық түсіну үшін мағыналық талдауды пайдаланып, сұрақтармен мәтіннің мазмұнын ашу студентті шығармашылық әрекетке үйретеді. Кез келген оқылым әрекеті түсінудің кезеңдерімен тығыз байланысты. Себебі түсіну кезеңдерінің жүйесін сақтамай, медиамәтіннің мазмұнын түсіне алмаймыз. Ағылшын тілді әдебиеттерді қарау барысында оқылымды түсінудің алты кезеңі қайталанып, түрлендіріліп берілгенін байқауға болады [9]. Онда мына ақпараттарды алға тартады: детальді түсіну, контекстен тыс талдау, автор ойын қорытындылау, болжам, мәтінді қайта құру, бағалау және оқырманның мәтінге көзқарасы, көңіл күйін білдіру [10]. Оқылымды түсіну көрсетімдік, зерделік, танымдық, аналитикалық түрлерімен де байланысты. Аталған оқылым түрлері түсінуді жүйелерге жіктейді де, тапсырма түрлерімен ерекшеленеді. Барлық оқылымның түрлері функционалды оқылымға негізделеді. Функционалды оқылым функционалды сауаттылықпен байланысты, себебі адамның оқу мен жазу дағдыларын социумда (банкте счет ашу, нұсқаулық оқу, анкета толытыра алу) пайдалана алу қабілетімен түсіндіріледі. Бұл сауаттылық адамға қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға және ортаға жылдам бейімделуге, әрекет етуге мүмкіндік береді. Функционалды оқылым дегеніміз нақты бір тапсырманы орындау барысында мәтіннен ақпаратты іздеу мақсатымен оқу. Бұл оқылым барысында үстірт қарау мен толық зерттеп оқу түрлері қамтылады. Функционалды оқылым дағдысы қалыптасқан студент мәтіннен қажетті ақпаратты бірден түсіне алады, мәтінді қысқартып, өзгерте алады. Искерлік қазақ тілінде медиамәтінді талдау барысында функционалды оқылымды кезеңдерге бөліп қарастырамыз:

Медиамәтінге кіріспе. Аталған мақсат мәтіналды кезеңде орындалады. Мәтіналды кезеңде алдын ала бақылау, ситуациялық проблемаларды қалыптастыру әрекеттері жүзеге асады. Бұл танымдық проблемаларды анықтауға көмектеседі, мысалы тақырып бойынша медиамәтіннің мазмұнын анықтау, алдын ала қайталауды қажет ететін лексикалық тапсырмалар, медиамәтіннің мазмұны туралы гипотезаларды жазбаша, ауызша анықтау.

Детальді түсіну. Мәтінді толық түсініп, негізгі қосымша ақпараттарын анықтауға бағытталады. Медиамәтінде берілген терминдер, фактілер, уақыт, орын, пікір мәтіннің негізгі, қосымша ақпаратын анықтайтын деталь болып саналады.

Логикалық жүйені сақтау. Детальді түсіну негізінде құрылады. Әр абзацтағы ақпаратты байланыстыру, біріктіру арқылы қосымша түсінгенін толықтырады. Бұл кезең мәтін талдау үшін өте маңызды, себебі сұраққа жауап іздеу үшін студентке мәтінді толық зерттеуге үйретеді. Детальді түсіну,

логикалық жүйені сақтау және болжам – мәтіндік түсіну кезеңі барысында жүзеге асады. Мәтіндік түсіну кезеңде медиамәтіндегі ақпараттарды анықтау, оларды жүйелеу, біріктіру, байланысын анықтау әрекеттері жүзеге асады, мысалы белгілі және жаңа ақпаратты ажырату, түйін сөздерді, анықтамаларды, күрделі мәтіндік пайымдауларды, жаңа сөздерді анықтау, танымдық ақпарат пен иллюстративті ақпараттың айырмашылығын анықтау, мәтінге өз бетінше сұрақ құру, яғни аналитикалық дағды қалыптасады.

Мәтіннен кейінгі кезең түсінудің дұрыстығын анықтауға бағытталады. Реконструкциялық және продуктивтік дағдыға бағытталған бұл кезеңде ақпаратты кодттау әрекеті жүзеге асады. Реконструкциялық дағдыда мәтіндегі ақпарат формасы өзгереді де сол өзгеріске ұшыраған ақпараттар арқылы мәтінді түсіну тексеріледі. Ал продуктивті дағдыға оқылған мәтіннің негізінде өзіндік туындының (пікір, қарсылық, салыстыру, жаңа ой) пайда болуымен нақтыланады. Бұл кезеңнің мақсаттары:

Автор ойын қорытындылау. Түсінудің күрделі кезеңі, себебі мәтіннің идеясы кейбір мәтіндерде нақты жазылмай, болжаммен тұспалдап беруі мүмкін. Сондықтан бұл кезеңге бағытталған сұрақтарға студент мәтінді толық, детальді оқымай жауап бере алмайды.

Бағалау–мәтіннің мазмұнына, құрылымына, автордың идеясына, кейбір бөліктеріне пікір білдіру, баға беру. Пікір білдіру немесе баға беру белгілі бір білімге немесе аргументтерге негізделуі қажет. Бірақ ой еркіндігін, жеке өзіндік бағалауды анықтау үшін жеке пікір мен бағалауды қолдануға болады.

Кез келген оқылым тапсырмасы коммуникативтік мақсатты алға тартады. Автор белгілі бір жағдайды хабардар етуді, үгіттеуді, нақтылы пікір қалыптастыруды, әрекетке, іске бастауды көздейді. Автордың алдына қойған мақсаты әр түрлі әлеуметтік, идеологиялық, экстралингвистикалық факторларға негізделеді. Мысалы, газет тілшісі белгілі бір идеяны оқырманға жеткізу керек. Оны жай хабарламай, ой елегінен өткізіп, тілдік құралдарды іріктеп, шебер жеткізуге тырысады. Солай автор оқырманның сана сезіміне әсер ету арқылы өзінің коммуникативтік мақсаттарына қол жеткізеді. Медиамәтінде берілген ақпаратты түсіну, талдау, саралау, болжау, өзіндік біліммен салыстыру әрекеттерінің барлығы – коммуникациямен жүзеге асады. Медиамәтінді талдау барысында коммуникативтік мақсатты негізге ала отырып, шығармашылық-ізденіс технологиясының әдістерін қолдануға болады.

### **Нәтижелер және талқылау**

Сауалнама 2021 оқу жылының күзгі семестінде өтті. Қатысушылар саны – 53 студент. Сауалнама сұрақтары мен нәтижелерін төмендегі кестеден көруге болады.

#	Сұрақтар	Пайыздық көрсеткіш
1)	Сіз достарыңызбен қай тілде сөйлесесіз?	
A	Достарым әр түрлі ұлт өкілдері болғандықтан орыс, ағылшын тілінде сөйлесемін.	70 %
B	Қазақ достарымның арасында қазақша сөйлесемін, бірақ орыс тілін араластырамын.	20 %
C	Үйде де, көшеде де, достарыммен де қазақша сөйлесуге тырысамын.	10 %
2)	Қазақ тілінің іскерлік коммуникациясы дегенді қалай түсінесіз?	
A	Кәсіби, ғылыми, коммерциялық және бизнес саласында қазақ тілінде қолданылатын байланыс түрі.	60 %
B	Оқу орнында, қоғамдық орындарда қазақша қарым-қатынас жасай алу.	20 %
C	Орыс, ағылшын тілінің іскери әдебін білетін адам кез келген жерде іскери коммуникация жасай алады.	20 %
3)	Іскерлік коммуникацияны жетілдіру үшін БАҚ (бұқаралық ақпарат құралдары) материалдарын оқу маңызды ма?	
A	БАҚ материалдары маңызды, себебі онда айтылған ақпаратты талдау арқылы коммуникация жақсарады.	35 %
B	Арнайы газет, журнал оқу маңызды емес, себебі әлеуметтік желі жақсы дамыған. Әлеуметтік желідегі ақпаратпен іскерлік коммуникацияны дамытуға болады.	30 %
C	Жаңалық тыңдап, пікірлесу қажет.	35 %
4)	Қазақ тілінде іскерлік коммуникация жасай алу үшін не қажет деп ойлайсыз?	
A	Қазақша қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық мәтіндерді талдау; іскери сұхбаттарды жүргізу; жаңалықтарды тыңдау.	65 %
B	Қазақша оқыған студент ешбір білімсіз-ақ іскери коммуникация жасай алады.	10 %
C	Орыс, ағылшын тілдерінің тәжірибелерін пайдалану керек.	25 %
5)	Сіз қандай газет, журнал оқисыз?	
A)	«Айқын», «Егеменді Қазақстан» газеттері	5 %
B)	«Ақиқат», «Жұлдыз», «Парасат» журналдары	0 %
C)	Орыс, ағылшын тіліндегі газет, журналдарды оқимын.	95 %

Сауалнамадан студенттердің коммуникациялық тілі-орыс, ағылшын тілдері екенін нақты көреміз. Екінші сұрақтан іскерлік коммуникацияның қолданысын студент түсінеді және оны жетілдіру үшін БАҚ материалдары мен жаңалықтарды тыңдаудың көмегі болатынын түсінеді. Төртінші, бесінші сұрақтардан қазақ БАҚ құралдарын пайдаланбайтынын көре аламыз. Олай

болса, іскери қазақ тілінде медиамәтінді талдау болашақ мамандарға қажет екенін байқауға болады.

Медиамәтінді шығармашылық-ізденіс технологиясымен талдау үшін жоғарыда аталған мәтінді түсіну кезеңдерін сақтай отырып, мынадай тапсырма түрлері ұсынылады:

*Сөздер тізбегін пайдаланып, мәтіннің мазмұнын болжау. Сөзді немесе сөз тіркесінің мәнін түсіндіру* сияқты ассоциациялық, инверсиялық әдісті пайдалануға болады. Келесі мәтіннің мазмұнын түсіну үшін мәтіндегі ақпараттың перефразаланған формаларымен берілген бірнеше сөйлемдерді көрсетіп, *Мәтіннің мазмұнына сай келетін тұжырымды белгілеу* немесе керісінше, Берілген тұжырымдарды дәлелдей алатын сөз тіркестерін жазу сияқты детальді талдаудың лабиринт әдістерін пайдалануға болады. Логикалық жүйені сақтау кезеңінде абзац аралық тапсырмаларды, мәтіннің құрылымдық бөлімдерімен байланысты тапсырмалар, мысалы, *Әр абзацтың негізгі идеясын анықтайтын тірек сөздерді белгілеу* тапсырмасын беруге болады. Медиамәтіндегі негізгі, қосымша, астарлы идеяны түсіну үшін 100 пайыздық толық мазмұнды, 70 пайызды жартылай мазмұнды, 40 пайызды жартылай мазмұнды беретін ақпараттарды пайдалана отырып, үш түрлі аннотация үлгісін беріп, *Мәтін мазмұнына сай келетін аннотацияны табу* тапсырмасын ұсына аламыз. Келесі бөлімде *Автордың пікірімен келісесіз бе? Өз пікіріңізді аргументтермен дәлелдеңіз* сияқты сөйлесім тапсырмасымен талдауды аяқтаймыз.

### **Қорытынды**

Студенттер арасында жүргізілген сауалнама арқылы студентке қажет ақпаратты анықтап, соған сай сабақ барысында материал дайындауға тырыстық. Ал медиамәтінді талдау барысында шығармашылық-ізденіс әдістерін пайдаланудың нәтижесі студентте іздену, зерттеу, креативті ойлау, шығармашылық дағдылары қалыптастыратыны тәжірибеден байқалды. Іздену және ізденіспен оқыту процесі тек білім алуға бағытталмайды. Оның барысында студенттер жеке құзыреттерді дамытады:

- гипотезаны ұсыну және негіздеу, білімді өздігінен іздеуге үйренеді;
- ақпаратты талдау, синтездеу, модельдеу, жалпылауға үйренеді;
- рефлексиялық ойлау мәдениетін қалыптастырады;
- қызмет бағытын таңдау және шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;
- талқылау, пікірталас мәдениетін қалыптастырады;
- оқу әрекеті процесінде эмоционалды және тұлғалық дамиды.

Оқу, оқыту процесі әрқашан дамып, жаңарып отыратын әрекет. Әр оқытудың бір қырын ашып, оқытуды түрлендіру арқылы студентті сабаққа қызықтырып отыру кез келген әдіскердің міндеті. Сондықтан әлеуметтік,

қоғамдық, экономикалық мәтіндерді оқу арқылы студенттің ақпараттық білімін ғана жетілдірмей, шығармашылық, ізденіс әлеуетін де дамытуды қатар алып жүруді дұрыс деп санаймыз.

### Пайдаланған деректер тізімі

1 **Левитес, Д. Г.** Теория проблемного обучения. Педагогические технологии / Д. Г. Левитес [Электронный ресурс] – Режим доступа: [https://studref.com/665004/pedagogika/pedagogicheskie\\_tehnologii](https://studref.com/665004/pedagogika/pedagogicheskie_tehnologii)

2 **Тузинец, А.** Две концепции проблемного обучения // Вестник МГЛУ. Образование и педагогические науки. – №3 (836). – 2020. –134 б.

3 **Магюшкин, А. М.** Проблемное обучение. Прошлое, настоящее, будущее: монография / А. М. Магюшкин – Н. : Нижневартковск, 2019. –10 с.

4 **Ситаров, В. А.** Проблемное обучение как одно из направлений современных технологий обучения // Знание.Понимание.Умение. – №1. 2009. –148–155 с.

5 **Уралбаева, Ш. Қ., Рақымжанова, С. Қ., Маликова, А. М.** Тілдің философиялық мәні // Адам әлемі. – № 4 (90). – 2021. – 79 б.

6 **Солсо, Р.** Когнитивная психология – Питер : Изд-во СПб.: Питер, 2006. 589 – 593 с.

7 **Марков, С.** Метод инверсии или обращения как метод творческого решения проблем / С. Марков. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://geniusrevive.com/metod-inversii-ili-obrashheniya-kak-metod-tvorcheskogo-resheniya-problem>

8 **Кузнецов, И. Н.** Настольная книга практикующего педагога: учебное пособие – Москва: РОСБУХ, ГроссМедиа, 2008. – 544 с.

9 **Carie, P., Shirley, Sh.** Types of reading questions . –2021. [Electronic resource]. –Access mode: [https://www.gallaudet.edu/tutorial-and-instructional-programs/english-center/reading-english-as-second language/types-of-questions-and-tests/types-of-reading-questions](https://www.gallaudet.edu/tutorial-and-instructional-programs/english-center/reading-english-as-second-language/types-of-questions-and-tests/types-of-reading-questions)

10 **Mike, M.,** Smart Reading Comprehension: Strategies for the 6 QuestionTypes.[Electronic resource]. – Access mode: <https://magoosh.com/gmat/strategies-for-the-6-reading-comprehension-question-types>

### Referenses

1 **Levites, D. G.** Teoriya problemnogo obucheniya.[ Problem-Based Learning Theory] – Pedagogicheskie tehnologii/D. G. Levites [Electronic resource]. – Access mode: [https://studref.com/665004/pedagogika/pedagogicheskie\\_tehnologii](https://studref.com/665004/pedagogika/pedagogicheskie_tehnologii)

2 **Tuzinek, A.** Dve koncepcii problemnogo obucheniya [Two Concepts of Problem-Based Learning] – Vestnik MGLU. Obrazovanie i pedagogicheskie nauki. – №3 (836). – 2020. –134 p.

3 **Matyushkin, A. M.** Problemnoe obuchenie. Proshloe, nastoyashhee, budushhee [Problem learning. Past, present, future] – monografiya / A. M. Matyushkin – N. : Nizhnevartovsk, 2019. – 10 p.

4 **Sitarov, V. A.** Problemnoe obuchenie kak odno iz napravlenij sovremenny`x texnologij obucheniya [Problem-based learning as one of the areas of modern learning technologies]–Znanie.Ponimanie.Umenie. – №1. 2009. –148–155 p.

5 **Uralbaeva, Sh. Q., Raqymzhanova, S. Q., Malikova, A. M.** Tildin filosofiyalyq mani [Philosophical meaning of language] – Adam alemi. – № 4 (90). – 2021. – 79 p.

6 **Solso, R.** Kognitivnaya psixologiya [Cognitive psychology] – Piter : Izd-vo SPb.: Pi-ter, 2006. 589 – 593 p.

7 **Markov, S.** Metod inversii ili obrashheniya kak metod tvorcheskogo resheniya problem/ [Method of inversion or reversal as a method of creative problem solving ]. [Electronic resource].–Access mode: <https://geniusrevive.com/metod-inversii-ili-obrashheniya-kak-metod-tvorcheskogo-resheniya-problem>

8 **Kuznecov, I. N.** Nastol' naya kniga praktikuyushhego pedagoga: uchebnoe posobie [Handbook of a practicing teacher: textbook] – Moscow: ROSBUX, GrossMedia, 2008. – 544 p.

9 **Carie, P., Shirley, Sh.** Types of reading questions [in English]. [Electronic resource].– Access mode: <https://www.gallaudet.edu/tutorial-and-instructional-programs/english-center/reading-english-as-second-language/types-of-questions-and-tests/types-of-reading-questions>

10 **Mike, M.** Smart Reading Comprehension: Strategies for the 6 QuestionTypes [in English]. [Electronic resource].–Access mode: <https://magoosh.com/gmat/strategies-for-the-6-reading-comprehension-question-types>

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

\*А. Н. Сарбасова

Университет КИМЭП,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 08.09.22.

## ПУТИ АНАЛИЗА МЕДИАТЕКСТА С ПОМОЩЬЮ ПОИСКОВОЙ ТЕХНОЛОГИИ

*В статье рассматриваются пути анализа медиатекста с помощью поисковой технологии при изучении курса делового казахского языка. В статье определен ряд причин не полного понимания содержания текста, отсутствия умения его анализа, и четкого формулирования своего мнения студентами, окончившими школу с казахским языком обучения. В статье дается характеристика и цель курса делового казахского языка в высшем учебном заведении. Учитывая, что основным из путей совершенствования делового языка – является работа с текстами, подробно рассмотрены медиатексты, применяемые в ходе изучения курса, в том числе предлагается оригинальная система анализа медиатекстов. С целью определения решения проблемы анализа текста автор останавливается на видах текстов и этапах их познания и понимания. Кратко останавливается на исследовании поисковой технологии. Уточняются требования, предъявляемые в соответствии с применяемой технологией. Дается пояснение нескольким другим методам. Представленные практические задания анализа медиатекстов доказывают применение таких методов. В статье дается вывод о формируемых у студентов деловых навыков в ходе анализа медиатекстов.*

*Ключевые слова: медиатекст, деловой казахский язык, поисковая технология, метод инверсия, метод лабиринт, функциональное чтение.*

\*A. N. Sarbassova

KIMEP University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 08.09.22.

## **METHODS OF MEDIA TEXT ANALYSIS BY CREATIVE SEARCH TECHNOLOGY**

*The article discusses the ways of analyzing media texts in the course of business Kazakh language with the help of creative search technology. Some reasons are revealed why students that graduated from a Kazakh-language school cannot express their opinion, analyze media texts and understand the meaning. The purpose of the Kazakh business language course at a higher educational institution is described and explained. Considering that one of the ways to improve the business language is to work with texts, media texts used in the course are selected and a proprietary system for analyzing them is proposed. The text stops at the types of text and the stages of understanding to determine how to solve the analysis problem. The creative search research is briefly outlined, the requirements specified in accordance with the technology, and several methods explained. The use of methods in the course of media text analysis is confirmed by practical tasks. A conclusion is made about the business skills and competencies formed by the student.*

*Keywords: media texts, business Kazakh language, creative search technology, inversion method, labyrinth method, functional reading.*



Теруге 08.09.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 18,53. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Тапсырыс № 3975

Сдано в набор 08.09.2022 г. Подписано в печать 30.09.2022 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 18,53. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Заказ № 3975

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)